



ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ II

Жак Деррида «Сол қауіпті үстеме»





Сабақтың мақсаты: Дерриданың «Үстеме/қосымша» концепциясының мағынасы жайлы талдау.

Кілт сөздер: үстеме/қосымша, ақау, толықтырулар, алмастыру, соқырлық, т.б.

Бұл дәрісте Жак Дерриданың «Грамматология туралы» атты еңбегінде қарастырылған «Сол қауіпті үстеме» атты концепциясы жайлы мәліметтермен танысамыз. Деррида бұл еңбегінің бірінші бөлімінде дәстүрлі емес ежелгі терминдерге (бар болу, қатысу, хат) және «деконструкция», «ажырату» сияқты жаңа терминдерге түсініктеме береді. Мысалы, «Грамматология туралы» (1965) кітабында «жазу» метафорасын, өзі философиядағы метафизикалық дәстүрдің категорияларын – біртектестік, маңыз, қатысу, болмыс, т.б. бөледі деп санаған ажыратудың бастапқы процесін сипаттау үшін пайдаланады.

«Жазу әрқашан да шынайы емес, алмастырушы дүние ретінде сипатталса, сөйлеу объектісінің тікелей қатысуын жеткізетін бірдейлікпен, табиғилықпен, шындықпен қауымдастырылатын еді. Жан Жак Руссо тілдің ең түпнұсқа нысаны – сөйлеу; ал жазуды сөйлеудің шынайылығын жоғалтатын құлдырау, сондай-ақ, сөйлеу ғана шындықты ауытқусыз, не жалғандықсыз, кіршіксіз таза жеткізе алады», – деп санады.

Ал Деррида сөйлеу мен жазудың арасындағы айырмашылықты метафизикаға шаблон ретінде көреді. Дерриданың пікірінше, айырмашылық шын мәнінде бірінші орында және бірдейліктің түпнегізі болып саналады. Ол өзі «деконструкция» деп атаған терең мәтіндік анализ арқылы құндылықтар иерархиясының осындай құлдырауын тудыра отырып, бұл терминді өзінің оқу әдісін сипаттау үшін пайдаланды.

Деррида келтірген көптеген мысалдардың біріне сілтеме жасайтын болсақ, ол Француз ғалымы Жан Жак Руссоның түпнұсқа туралы ойларын талдайды. Ол Руссоның сөйлеу – тілдің бастауында деген пікірімен келіспейді. Шын мәнінде, «сөйлеу артикуляциясыз өмір сүре алмайды; дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстар арасындағы айырмашылықсыз ешқандай сөйлеу мүмкін емес. Сол себепті, «айырмашылық» Руссо тілдің бастауында деп санаған сөйлеуге қарағанда әлдеқайда байырғы/көне болып табылады. Айырмашылық барлық категориялардан бұрын келеді және айырмашылықтың бірдейлігі, түпнегізі, табиғаты немесе шындығы жоқ. Түпнегізді, қатысуды, табиғатты, не шындықты – метафизикалық құндылықтардың иерархиясын құрастыруға негіз болатындай орналастыруға тырысу – мұхиттың ортасында қалқыма белгі лақтырып, «Мынау – мұхиттың ортасы» деп жар салғанға ұқсайды», – дейді Деррида.

Деррида еңбегінің екінші бөлімінде өзінің барлық түсініктерін Руссо және «Руссоның дәуірі» арқылы түсіндіруге тырысады.

«Сол қауіпті үстеме» концепциясы арқылы Дерриданың еңбегінде келтірілген түсініктердің және барлық процестердің қолданыста болуын және олардың алатын орнын түсінуімізге болады. Мысалы, алдыңғы дәрістерде қарастырылған ажырату терминін қалай қолдануға болады және ол қандай мағынаға ие? деген сұрақты қойсақ, Деррида оған «Сол қауіпті үстеме» концепция арқылы үстеме ету логикасы бойынша немесе басқаша айтқанда орын толтыру логикасы арқылы жауап беріңіздер деп айтар еді.

«Көбіміз «үстеме» терминін белгілі бір дайын нәрсені әлденемен толықтыру мағынасында қолданамыз. Егер «үстеме» тек дайын нәрсені толықтыратын болса, онда сол дайын нәрсе үстемесіз-ақ толық нәрсе болатын еді. «Үстеменің» логикасы бар болатын болса, онда дайын тұрған нәрсе толық болып табылмайды, яғни оның белгілі бір кемшілігі бар», – дейді Деррида.

Бұны Деррида Руссоның «қосымша/толықтырма» терминін талдау арқылы түсіндіреді. Руссо жазуды сөйлеудің қосымшасы деп сипаттайды. Жазу сөйлеуді кеңірек пайдалануға мүмкіндік беру үшін оған қосылған үстеме, алайда солай ете тұрып ол сөйлеуде қателік не жетіспеушілік бар дегенді меңзейді. Руссо ойлағандай, ол бүтін не толық емес. Тіл жазу пішінінде орасан қашықтықтарды көмкере алады; ол бұдан былай сөйлеушінің тікелей қатысуын талап етпейді. Бірақ Руссо үшін мұндай қатысу шындықтың алтын өлшемі. Кітап беттеріндегі өлі әріптер пішініндегі жасанды технологиялық репрезентация ретінде үстелген жай ғана қосымша мұндай шындықты жеткізе алмайды. Дегенмен осы қосымшаның көмегісіз, шындық ретінде



сөйлеуіміз қамтыған аймақ шектеулі және пайдасыз болар еді. Сөйлеу жазуды қажетсінеді, бірақ жазуды үстеу арқылы ол шындықтың құндылығын кемітеді.

Бұл оғаш қисынға Дерриданың назар аударған себебі сөйлеу сияқты процестердің басым болуын жариялайды. Өйткені олар көбірек қатысушы, неғұрлым табиғи, неғұрлым тікелей, неғұрлым өзін анықтаушы, т.б., бірақ басым құндылықтардағы жетіспеушілікті нұсқайды. Оның өзі толыққанды емес; ол өзгені қажетсінеді; ол сондықтан айырмашылықтың қақпанына түскен деп пайымдайды.

Деррида қосымшаны қажетсінетін түпнұсқа мен түпнұсқа емес қосымшаның арасындағы өзара алмасуларды, метафизиканың негізгі құндылықтарын бұзатын ажырау не айырмашылық нұсқасы ретінде қабылдайды. Басқаша айтқанда, кемшілікті жабу үшін қосымша/үстеме қажет, бірақ, ол әрдайым кез келген құбылыста, объектіде «мәңгілік ақаудың» бар екенін көрсетеді. Себебі ол ешқашан оларды бір нәрсемен толықтыру мүмкіндігін жоққа шығармайды. Бұдан шығатын қорытынды, қосымшаның негізгі құрылымы, өз кезегінде шексіз толықтырулардың/қосымшалардың пайда болу мүмкіндіктерінен тұрады.

Руссо бойынша сөйлеу – ол бүтін, кіршіксіз бірегейлік емес. Әуелгі мағынасында, ол үстемелеу үшін өзінен басқа бірдеңені талап етеді. Ол әуелгіден өзге әлденеге тәуелді. Жазу бұл – болжалды өзін анықтайтын және өзін анықтай алу үшін ол қажетсінетін өзгенің арасындағы әрлі-берлі қозғалысқа метафора ретінде таңдалады. Өйткені жазылған сөйлемнің әр бөлшегі – оның барлық басқа бөлшектеріне қатысында ғана біркелкілікке ие.

Дерриданың айтуынша, Руссо жазуды – қатысуды (наличие) бұзу мен сөйлеудің кеселі деп кінәлайды. Ол жазуды сөйлеуден тартып алғандарын қайтаратын дәрежеге дейін жеткізуге уәде етеді. Бірақ осы тұрғыдан, жазу сөйлеуден әлдеқашан бұрын дамыған болып шықпай ма және соның өзінде-ақ сол бастапқы орынға бекітілген жоқ па? Бұл ынтызарлықтың/құштарлықтың алғашқысы тіл теориясы ретінде құрастырылса, екіншісі жазушының тәжірибесін басқарады.

Деррида «қосымша/үстеме механизмінің» шынайы әсерінің дәлелі ретінде, Confessions-дегі Жан-Жактың сөздерін келтіреді. Руссо өзін қоғамда ыңғайсыз сезінетіндігін, тіпті, өзінің шынайы болмысын жоғалтып, басқа адам кейпіне енетіндігінен қысылып, қоғамнан алшақтайды. Жалғыздықтан ол жазуға кіріседі. Қызығы, ол қоғамға, басқа адамдарға өзін көрсету үшін, өз ойларын жеткізу үшін жасырынуға мәжбүр және ол өзін жазылған сөзге тапсырады: «Мен де өзгелер сияқты қоғамды ұнатар едім, егер өзімді тек қана нашар жағымнан көрсететініме сенімді болмасам және өзімді мүлде басқа адам ретінде көрсете алсам. Жазу мен жасырыну, мен таңдаған ең ыңғайлы рөл. Егер мен қоғамның негізгі мүшелерінің бірі болсам, менің шын мәніндегі бағамды ешкім де білмес еді», – дейді. Өзін жазылған сөйлеуде ұсыну үшін Жан-Жак өзгелермен ат құйрығын үзіседі. Сөйлеу өзін жоққа шығаратындықтан, жазу дегеніміз сөйлеуді сақтаудың не қайта қамтудың жалғыз жолы. Сөйлеуді жазумен алмастыратын әрекет, сондай-ақ, қатысуды құндылықпен ауыстырады: «Егер мен қатысушы болсам, менің құным қайсы екенін ешкім де білмес еді». Мен өзімді шындық пен құндылықтың идеалы ретінде таныту үшін қазіргі өмірімнен, қоғамнан бас тартамын. Бұрыннан белгілі схема. Өмірден бас тартпастан және биікке самғау үшін, танымалдылықтың рақатын көру үшін өз-өзіммен күресемін және жазу – осы күрестің көрінісі. Жан-Жактың өмірінен алынған жазу сабағы осындай болар еді. Жазу әрекеті негізінде және айқын мысалын осы жерден көруге болады – қатысудың ең ұлы символикалық реапроприациясын мақсат тұтқан ең ұлы құрбандық екенін Деррида өз еңбегінде атап өтеді.

Дәрісіміздің келесі бөлігінде Дерриданың «Соқырлықтан үстемеге дейін» деген түсініктемесімен танысамыз.

Ал енді бұл проблематикалық схеманың негізінде Руссоның тәжірибесі мен оның жазу жайлы теориясын да қарастыруымыз керек. Жан-Жакты Руссоға қатыстырып, осы есімнің бүтінді құрайтынын және оны ажырататын келісім мен келіспеушілікті де (аккорд пен дискорд) ой елегінен өткізуге тиіспіз.

Деррида үстеме концепциясы жайлы былай деп жазады: «Үстеме» түсінігі қаншалықты әдеттен тыс болса, соншалықты аса қажетті болып табылатын екі мағынадан тұрады. Үстеме әлденеге қосылады да, оны толықтырады, байытады. Алайда үстеме тек қосымша ретінде бос орынды/қуысты толықтырушы, алмастырушы ғана болып қала береді. Үстемеші бола



тұра үстеме орын алушы, алмастырушы, бағынушы. Оның құрылымдағы орны бос қуыс қана. Әлдеқайда әлдене өзін-өзі толықтыруы мүмкін, өзін толыққанды ету үшін ол арнайы белгі және билікті қажет етеді. Белгі қашан да заттың өзінің үстемесі ретінде жүреді. Үстеменің бұл екінші мағынасы біріншімен байланысты. Бұл екі мағына бір-біріне тәуелді. Алайда флекция сәт сайын өзгеріп тұрады. Бұл екі мағына кезектесе өшіріледі/жойылады немесе екіншісінің қатысуында көмескіленеді». Басқаша айтқанда, кемшілікті жабу үшін үстеме қажет, сонымен қатар, ол кез келген құбылыста, объектіде әрдайым «мәңгілік ақаудың» бар екенін көрсетеді. Себебі ол ешқашан оларды бір нәрсемен толықтыру мүмкіндігін жоққа шығармайды. Бұл тұжырымның мысалы ретінде Деррида Руссоның табиғат жайлы ойларын талдайды. Руссо тәрбиені табиғаттың үстемесі ретінде қарастырады. Табиғат негізінен мінсіз, шынайы өзіндік толықтығы бар, ал тәрбие үстеме толықтырушы элемент болып табылады. Бұл үстеменің сипаттамасы табиғатта ақау бар екендігін білдіреді; табиғат мінсіз болуы үшін ол тәрбиемен толықтырылуы керек; дұрыс тәрбие/білім беру адамға өзінің шынайы келбетінде көрінуі үшін аса қажет.

Осылайша, шынайы табиғи, толыққанды болуы тиіс нәрсе, ол аналық махаббат еді. Руссо өзінің «Эмиле» атты еңбегінде «табиғаттың сүйіспеншілігі секілді, «ананың махабатын да» ешнәрсе алмастыра алмайды», – дейді. Алайда тәрбие – Руссоның негізгі түсініктерінің бірі – табиғаттың құрылымын ең табиғи жолда қайта жасауға арналған алмастырулар жүйесі ретінде сипатталады. «Эмиленің» бірінші бөлімінде тәрбие қызметі жайлы сөз қозғайды. Ананың махабатын алмастыруға болмаса да, «егер әбден еркімен кеткен ерке-тотай анадан келер зиян болса, сәбидің ондай анадан гөрі дені сау сүт ананың емшегін емгені дұрыс», – дей отырып, ол «табиғаттағы мұндай олқылықтардың орны үстеме арқылы толықтырылуы тиіс», – дейді.

Соныме қатар, Руссо балалық шақ туралы да ой толғайды. «Балалық шақ – дейді ол – табиғатынан үстемелеуге/толықтыруға сұранып тұратын, ақаулықтың/кемшіліктің ең негіз салушы көрінісі. Педагогика мұндай үстемеліліктің парадокстарын анағұрлым нақты айқындап береді. Табиғи әлсіздік қайдан пайда болады? Қалайша табиғат, өзі бермейтін күштерді талап ете алады?».

«Баланың артық күші жоқ – одан табиғат талап ететінді игеру үшін, өзінің күші жетіспейді; демек оған қоржынында бар күштердің бәрін, жақсылыққа жұмсауына мүмкіндік беру керек. Бұл алғашқы максима. Балаға өзінде жоқты – егер мәселе физикалық қажеттіліктерде болса, онда ақылды, не күшті үстемелеу арқылы көмектесу керек. Бұл екінші максима».

Егер балалық шақ болмаса, үстемелеу табиғатында ешқашан туындамас еді. Басқаша айтқанда, адамзат үшін үстемелеу – әрі бақытты мүмкіндік пен құлдыраудың басы. Адамдар үшін оның игілігі, адамның тәрбие арқылы өз кемшіліктерін толықтырып, өз мүмкіндіктерін дұрыс пайданала білуді үйренуінде. Ал қауіпті жағы, ол адамдардың өз әлсіздігін үстемелеу арқылы, озбыр, ашкөз, беймаза, жауыз, жүгенсіз тұлғаға айналуында. Адам осындай әлсіздіктерінің салдарынан, қоғам мен қоршаған ортаға зиян келтіріп, зұлымдықтың бастауына айнала бастайды.

Адам табиғаттың шынайы байлықтарына, өсімдіктерге мағына мен талғамды жоғалтқан кезде, ол өз денсаулығын қатерге тігіп, табиғат анасының құрсағын ақтара бастайды. Пайдалы қазбаларға, байлыққа деген құмарлық, табиғат-ананың қойнауын ақтаруға деген ашкөздік адамды көрсоқырға айналдырады. Соқырлық қоғаммен бірге пайда болатын: тілдерді, заттарды белгілермен ауыстырудың ережелерін, сол үстеменің тәртібін тудырады. Осылайша, соқырлықтан үстемеге келеміз. Соқыр адам, түптің түбінде, ешнәрсені көрмейді, демек көру қабілетін үстемелейтін затты көре алмайды. Үстемені көре алмау деген заңдылық. Әсіресе үстеменің концептісіне деген соқырлық. Алайда оны пайдалану механизмін түсіну, оның мағынасын көру үшін жеткіліксіз.

Үстемеді ешқандай мағына жоқ және ол ешбір түйсікпен ұғынылмайды. Біз оны ақтауға тырыспаймыз, тек оның астарында әлдене жасырулы екенін айтқымыз келеді.

Түйіндей келе, Деррида «үстеме концепциясы арқылы, барлық құбылыстар, заттар, қоғам, тіпті, мінсіз болып көрінетін табиғатта болатын «мәңгілік ақаулықтарды» толықтыру үшін үстеме қажет дейді. Алайда үстеменің адамзат үшін екі түрлі: пайдалы да, зиянды жағы болатындығын Руссоның ойтолғаулары мен еңбектеріне талдау жасай отырып, дәлелдейді.



Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. «Үстеме/қосымша» концепциясының негізгі мазмұны не?
2. Руссоның сөйлеу мен жазу жайлы көзқарасы қандай?
3. Үстеменің адам үшін пайдалы жағы мен зиянды жағы қандай?

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Julie Rivkin, Michael Ryan, Literary Theory: A Practical Introduction (Wiley Blackwell, 3rd edition, 2016).
2. Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. -Алматы: Жазушы, 2006. – 1-20 т. – 568 б.
3. Ильин И.П. Постструктурализм, деконструктивизм, постмодернизм. Москва: Интрада, 1996.